

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТӘСІЛ – ЖЫЛ ЖЕТІСТІГІ

Авторы – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Болашақ» бағдарламасының стипендианты, «Экономика және логистика» кафедрасының меңгерушісі - Тайкулакова Гульнара Сериковна.

Қазақстан Республикасында білім алушы жастар үшін білім беру үдерісін жүзеге асыратын 144 жоғары оқу орны өз қызметін атқарады. Елімізде экономикалық мамандықтар бойынша оқытатын жоғары оқу орны беделіне ие бизнес мектептер өте көп емес, олардың ішінде Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, Халықаралық бизнес академиясы, Халықаралық бизнес университеті және тағы басқалары бар.

Аталған ұйымдардың арасында, инновациялық, қарқынды түрде даму үстіндегі және барлық бағытта транспаренттік танытатын, Қазақстанның



Бизнес жоғары оқу орны - Халықаралық бизнес академиясы айрықша назар аудартады.

Халықаралық бизнес академиясының даму стратегиясы әрқашан мамандарды - бизнес класс өкілдерін даярлау деңгейінің жоғары болуын, оқытушылардың білім деңгейінің тұрақты түрде көтеріліп тұруын, политілдікті күшейтуді, тек отандық қана емес, сонымен қатар бүкіл халықаралық

білім беру кеңістігіндегі үздік бизнес ЖОО ретіндегі имиджін сақтауды көздейді.

Егер Қазақстан, ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, Норвегия, Жапония, Германия елдерінен соң әлемдегі білім беруді дамытудың жоғары көрсеткіші бойынша төртінші орынға ие болса, Халықаралық Бизнес Академиясы алдына 4 ЖОО-н жіберіп, өзінің оқытушылық құрамына халықаралық «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елден білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етіп берген еліміздің ең мықты 5 жоғарғы оқу орны рейтингісіне кірді.

Л. Гумилев ат. Еуразиялық ұлттық университеті	73
Аль-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті	42
С.Д. Асфендияров ат. Қазақ Ұлттық медициналық университеті	37
М.Әуезов ат. Оңтүстік-Қазақстандық Мемлекеттік университет	31
Халықаралық Бизнес Академиясы	29

Дерекнама: «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ, А. Абдуалив презентациясы бойынша, 2013 жылдың 8-ақпаны.

2013 жылы жоғарғы оқу орнының 25-жылдық мерей тойы болып, бұл жыл Халықаралық бизнес академиясының тарихына білім беру жүйесіндегі үлкен жетістіктерімен: идеялардың креативтілігімен, студенттер мен оқытушылар ұжымының белсенділігімен, сонымен қоса, білім алушы және білім беруші қызметкерлердің мамандандырылу деңгейін жоғарылату мен жақсартуда дәстүрлі емес қадамдар жасауымен енді.

Халықаралық Бизнес Академиясының жиырма жеті оқытушысы Қазақстан Республикасының халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері болды. Ректор, үш проректор, төрт кафедра меңгерушісі, профессорлар, доценттер «Кәсіпорындар мен кешендерді ұйымдастыру және басқару, инновацияны басқару» бағыты бойынша АҚШ-тағы атақты Berkeley-Naas School of Business және Швейцариядағы Montreux School of Business университеттерінде, сондай-ақ жеке жоспарлар бойынша Оңтүстік Корея мен Ұлыбританияда ғылыми тәжірибеден өту құқығына ие болды.

Қазақстанның жоғарғы бизнес мектебі ретінде – тек Халықаралық Бизнес Академиясы ғана кәсіби құзыреттілігін дамыту аясында, педагогикалық деңгейді, жойқын жетістіктерді жақсарту өрісінде институционалдық әдісті талмай насихаттау нәтижесінде ҚР Президентінің 2012 жылы желтоқсандағы Жолдауында айтылған жаңа ойларға сәйкес өзінің алға тартушы идеяларын жүзеге асыра алды.



Бұл жетістік халықаралық бағдарламалар Орталығының вице-президенті А.Абдуалиевтің ағымдағы жылдың 8-ақпанында халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендияттарына мемлекеттік сертификаттарды тапсыруға дейінгі тестілеу мен сұхбаттан өту кезеңдерінің аяқталу кезінде жүзеге асырылды. Дәл осы кезде едәуір кемелденген, білім беру тәжірибесі айтарлықтай жеткілікті ХБА докторлары мен ғылым кандидаттары, профессорлары мен доценттері, өздерінің беделдерімен қоса,

академияның абыройы үшін қуаныш білдіріп тұрды, өйткені дәл осы минуттарда олардың бойында осындай үлкен жоба авторына ХБА Президенті Б.А.Кожаметовке деген құрмет пен ризашылық білдіру ниеті болды.

Қазақстан Республикасындағы білім беру мен халықаралық бағдарламалар Орталығы қызметінің тарихында бұрын-соңды бірде-бір жоғары оқу орнының отыздан астам өкілі жаппай бір мезгілде «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарына айналатын осыншама жойқын жоба болмаған. Бұл тиімді білім алудың алғашқы қадамы болды, бұл елдегі кәсіптік мектептердің зияткерлік мүмкіншіліктерін көтерудегі жетістіктің синдромы болды, бұл осындай жобалардың дәстүрлі шектеулерінен аттап өткен оқыту жүйесінің алғашқы революциялық бетбұрысы болды.

Халықаралық ынтымақтастық, отандық және шетелдік, әлемдік едәуір дамыған жоғары оқу орындары арасында оқытушылық тәжірибемен алмасу, білім берудің барлық өрісін шоғырландыру, білуге, жаңартуға және жақсартуға деген құштарлық – осының бәрі қазіргі стипендиаттарды идеяларды тасушыны қолдау мен жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Әлемдегі барынша ілгері дамыған жоғары оқу орындарындағы, отандық және шет елдік оқытушылардың тәжірибелерімен алмасу мен халықаралық ынтымақтастық, білім консолидациясының оқыту жүйесінің барлық саласында болуы, жету, жетілдіру мен жақсартуға деген құлшыныс – міне осының барлығы қазіргі стипендиаттардың идеяны ұстанушыларды қолдап, жүзеге асуына септігін тигізген.

Халықаралық бизнес академиясының жиырма жеті қызметкері - IELTS-қа дайындықтағы барлық қиындықтардан, қазақ тілінен және психологиялық тестілерден өтті, сондай-ақ тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерінің қатан сұрақтары мен көзқарастары - тестіленушілерді студент ретінде сезіндіріп, көңіл-күйлерін қозғады.

Қазақстан Республикасының негізгі Заңы – Конституцияны және өз елінің тарихын білу-«Болашақ» стипендиясы үміткерлеріне міндетті шарт болды. Қазақстан тарихын әр түрлі жылдарда мектеп қабырғасында танысып, біз ақпаратты сол уақыттағы оқулықтардан алдық, қазақ халқының көптеген өмір кезендері қазір ғана бейнеленген. Конкурса қатысу әр түрлі санатты жастағы адамдардың оқулықтарға деген, интернет беттерін аударуға және тарих жылнамаларымен танысып, қуғын-сүргінге ұшыраған қазақстандық ғалымдардың аттарын, ерте замандағы қазақ хандығының



билігін тану сезімін оятты. Әр деңгейде де дұрыс жолдан ауытқып кету қаупі болды, бірақ біз институционалдық жетістіктің тірі қозғаушысы болғандықтан, жобаның жүзеге асырылуы, оның табысты аяқталуы, ХБА-на деген моральдық жауапкершілік арқасында болды.



Халықаралық бизнес академиясының Қазақстандағы мықты, күшті, ең ілгері дамыған кәсіптік жоғары оқу орны болуға деген арманы басшылықты, әсіресе академия президенті А.Б. Қожахметов мырзаға қозғау салды, бұл ҚР БЖҒМ мен батыл идеяны жетілдіру, жетістікті жобаны жүзеге асу туралы келіссөзге қол жеткізу басқа жоғары оқу орындары тарапынан қызығушылық тудырды.

Халықаралық бизнес академиясы- бұл дүниежүзілік сыныптың жоғарғы мектебі, тіпті

дүниежүзілік бизнес мектеп арасында үш жүздік рейтингте төрді алса да, басшылық пен ХБА профессор-оқытушылық құрамы қажымай-талмай кәсіби деңгейді перманенттік көтермелеуге тырысады, өйткені экономика бір орнында тұрмайды.

Ерекше атап өткім келетіні, аталған жобаның хабарландыруында шектеулер қойылмаған. Талапкерлер жас, атақ және лауазымына қарамастан қатыса алды. Ең бастысы- негізгі міндет өз білімін жоғарлату, тіл білу деңгейін нығайту, шет ел бизнес мектептеріндегі барлық оқыту ерекшеліктерімен кеңірек танысып, тәжірибемен бөлісу, өз идеялары мен білімін ХБА бизнес мектебін жақсаруға жұмсау, әрине сөзсіз ректордың жобасын қолдау.

Халықаралық бизнес академиясының мүдделері, барлық мемлекеттің мүдделері сияқты, білім дамуының векторында қиылысады. Білім сапасының жоғарылауы туралы, жоғары интеллектуалдық қоғамның дамуы туралы, экономиканың дамуы және Қазақстан Республикасы 50 елдің қатарына кіруі туралы айтудың қажеті жоқ. Осындай жоспарларды ХБА қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді стратегиясында және өзінің даму болашағында белгілеп алға ұсынды.

Кемелділікке шек жоқ- Халықаралық бизнес академиясы кезінде бірінші болып, Қазақстанның білім аясын сөзсіз үш жылда нәтижемен қамтамасыз еткен бір ғана идеямен шектелмейтініне мен сенімдімін.

АҚШ, Англия және Швейцарияда Қазақстанның ұжымдық түрде білім алып жатқан бизнес мектебінің түлектері, шетелдік ЖООның алдында Қазақстанның мәртебесін көтеріп, ХБА тұрақты беделін қалыптастырып,

халықаралық білім және ынтымақтастық даму мәселелері бойынша Қазақстанның байланысын нығайтпақ.

Сондай-ақ, шет елде оқытуға деген институционалдық қатынастың нәтижелері «Болашақ» бағдарламасындағы жекелеген оқу сияқты, экономиканың дамуы үшін жалғыз немесе нақты болмайды, керісінше алған білімді, тәжірибені, тілді бір жерде, бір ЖОО-да, яғни –Халықаралық Бизнес Академиясында жүзеге асыру тиімді болмақ. Бұл тәуекел синдромы мемлекет және Халықаралық бизнес академиясының алдында үлкен моральдық және материалдық жауапкершілікте болды. Бір рет жетістікке жетіп, ХБА осы деңгейде тұрып қалмайды, Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін түгелдей өзгертетін революциялық жобалар тағы да болатынына сенімдімін. Интеграциялық білім беру процессінде әрекеттестікке баруға дайын болса, ХБАның біліктілігі еліміздегі басқа да жоғары оқу орындарын тәжірибиелендіре алады.

ХБА-ның жоспарының негізгі мақсаты – ХБА-ның белсенді интеграцияланатынын, түбірімен өзгертетінін, бүгінгі мүмкіндіктерді барынша пайдаланатынын, сонымен бірге жаңа назар, жаңа ой, жаңа қарым-қатынас - басты құндылық болып табылатынын дәлелдеу болатын.

Ең мықты жоғары оқу орны ғана өзінің осыншама оқытушыларын шет елге оқуға жібереді, пайызсыз шарттарды тиімді пайдалана отырып, «... қазіргі және болашақ қазақ жастары дүниежүзілік білім байлығына қол жеткізе алды, алған тәжірибені бәсекеге қабілетті біліммен, ғылыммен, экономикамен, мықты мемлекет құруға пайдалана алды» [Н.Ә. Назарбаев.]